

**М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі бойынша
«Адал ұрпақ» ерікті мектепшілік клубының атқарылған
жұмыстарының жылдық есебі**

2023-2024 оқу жылында М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі бойынша «Адал ұрпақ» ерікті мектепшілік клубы жұмыс атқарылды. Мақсаты: Қоғамда адал ұрпақ қалыптастыру бағытында білім мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу жұмыстарын жүйелі жүргізу.

Рухани адамгершілік және азаматтық патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасымен бекітілген модельді іс - шаралар жоспарына сәйкес «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы мектеп директорының бұйрығымен құрылды, клубқа мүше оқушылардың нақты саны анықталды.

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының жұмыс жоспарлары жасалды, негізгі міндеттері белгіленді.

Мектептердегі «Адал Ұрпақ» ерікті клубтарының мүшелері 2 секцияға бөлінді: 1.сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім; 2.сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық; мәдени-көпшілік іс-шаралар атқарады.

«Адамгершілік – асыл қасиет» тақырыбында класс жетекшілер Хамадинова Алтынай мен Миркиясова Индира өз кластарымен класс сағаттарын өткізді.

«Жемқорлыққа жол жоқ», «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» тақырыбында мектептің ұстаздары Молдағалие Лаззат пен Смагулова Лаззат сурет көрмесін ұйымдастырып, жұмыстардың ішіне жақсы орындағын суретті қалалық жарыстарға қатыстырды. Мақсаты оқушыларды рухани адамгершілік және азаматтық патриоттық тәрбиелеу, қолөнерлерін дамыту.

«Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» тақырыбында қазақ тілі пәні мұғалімдері оқушыларға патриоттық тәрбие беру, оқушыларды адалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында эссе жазғызды.

Жоспар бойынша қараша айында «Адалдық дүкені» өткізілді. Мақсаты: оқушылардың бойына адалдық қасиеттерін сіңіру, оларды адалдыққа және әдептілікке баулу.

Кез-келген оқушы сатушысы болмайтын аталған дүкеннен өзіне қажетті тауарды белгіленген құны бойынша тиісті бағасына сатып алып, ақшасын арнайы қойылған кассаға өткізеді. Осылайша, ешбір қадағалаушысы жоқ дүкеннен қажетті затын сатып алған оқушы қулыққа немесе қиянатқа жол бермей, өзін адалдыққа және әділдікке тәрбиелей алады. Осындай дүкен мектебімізде де жалғасын тапты.

Адалдық дүкеніне оқушыларға қажетті төмендегі оқу-құралдары қойылды:

- Дәптер түрлері
- Қалам

- Қарындаш
- Өшіргіш
- Дәптер қабы
- Бор

Адалдық дүкенінен түскен қаражат сомасы – 2435 теңге. Бұл қаражатты жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушы Асылбекқызы Айсұлуға қосымша көмек ретінде берілді.

Жоспар бойынша желтоқсан айында «Жемқорлыққа қарсы күрестің тарихы терең» тақырыбында 5 класс жетекшілері Альжанова Ж., Жұмағалиева А. Тәрбие сағаттарын өткізді. Мақсаты: оқушыларға жемқорлық туралы түсінік беріп, онымен күресу жолдарын үйрету.

Қантар айында құқық пәні мұғалімі Қоңыратбаева Б. 9 класс оқушыларымен «Сен және Заң» тақырыбында танымдық сағат өткізді.

Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» тақырыбында наурыз айында флэшмоб өткізді. Сонымен қатар «Адалдылық пен әділдік» адалдық сағаты өткізілді.

Сәуір айында дене шынықтыру пәні мұғалімі Жайханова Ө. «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында волейболдан жарыс өткізді.